

"Нотариаттық қызмет саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары және тексеру параптаратын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2018 жылғы 6 қарашадағы № 1529 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 6 қарашадағы № 60 бірлескен бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2022 жылғы 30 қарашадағы № 982 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2022 жылғы 30 қарашадағы № 110 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 14 желтоқсанда № 31107 болып тіркелді

ЗКАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі

БҮЙЫРАМЫН:

1. "Нотариаттық қызмет саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру параптаратын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2018 жылғы 6 қарашадағы № 1529 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 6 қарашадағы № 60 бірлескен бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік реестрінде № 17706 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандығы Кәсіпкерлік кодексінің 141-бабының 5 және 6-тармақтарына және 143-бабының 1-тармағына сәйкес **БҮЙЫРАМЫЗ**:";

1 тармақтың 2) және 3) тармақшасы алып тасталсын;

көрсетілген бірлескен бұйрықтың 1-қосымшасы осы бұйрыққа қоса берілген 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бірлескен бұйрықтың 4-қосымшасы осы бұйрыққа қоса берілген 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бірлескен бұйрықтың 5-қосымшасы осы бұйрыққа қоса берілген 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және заң қызметтерін ұйымдастыру департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен осы бірлескен бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Әділет вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрі

A. Куантыров

Қазақстан Республикасы
Әділет министрі

K. Мусин

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Бас прокуратурасының
Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитеті

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2022 жылғы 30 қарашадағы

№ 110 мен

Қазақстан Республикасы
Әділет министрі
2022 жылғы 30 қарашадағы
№ 982 Бірлескен бұйрығына
1-қосымша

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2018 жылғы 6 қарашадағы
№ 1529 және

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2018 жылғы 6 қарашадағы
№ 60 бірлескен бұйрығына
1-қосымша

Нотариаттық қызмет саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары

1. Жалпы ережелер

1. Нотариаттық қызмет саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары (бұдан әрі - Өлшемшарт) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодекісінің (бұдан әрі - Кодекс) 141-бабы 5 және 6 тармақтарына және 143-бабы 1 тармағына және Тексеру парағының нысанын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 31 шілдедегі № 3 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17371 болып тіркелген) және "Реттеуші мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесін қалыптастыру қағидаларын бекіту және "Мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау жүйесін қалыптастыру қағидаларын және тексеру параптарының нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 31 шілдедегі № 3 бұйрығына өзгерістер енгізу

"туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2022 жылғы 22 маусымдағы № 48 бүйрығы тәуекелді бағалау жүйесін қалыптастыруы әдістемесіне сәйкес нотариаттық қызметті жүзеге асыратын тексерілетін субъектілерді тәуекел дәрежесіне жатқызу үшін әзірленеді.

2. Осы өлшемшарттарда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) тәуекел – бақылау субъектісінің (объектісінің) қызметі нәтижесінде жеке және заңды тұлғалардың заңды мұдделеріне, мемлекеттің мұліктік мұдделеріне салдарларының ауырлық дәрежесін ескере отырып зиян келтіру ықтималдығы;

2) тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесі – тиісті қызмет салаларында тәуекелдің жол берілетін деңгейін қамтамасыз ете отырып, кәсіпкерлік еркіндігін шектеудің ең тәменгі ықтимал дәрежесі мақсатында бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) талаптарға сәйкестігін тексерулерді кейіннен жүзеге асыру үшін бақылау субъектілерін тәуекел дәрежелері бойынша бөлу арқылы қолайсыз факторлардың туындау ықтималдығын азайтуға бағытталған, сондай-ақ нақты бақылау субъектісі (объектісі) үшін тәуекел деңгейін өзгертуге бағытталған басқарушылық шешімдерді қабылдау және (немесе) осындай бақылау субъектісін (объектісін) бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудан және (немесе) талаптарға сәйкестігін тексеруден босату процесі;

3) тәуекел дәрежесін бағалаудың объективті өлшемшарттары (бұдан әрі - объективті өлшемшарттар) – белгілі бір қызмет саласында тәуекел дәрежесіне байланысты және жеке бақылау субъектісіне (объектісіне) тікелей байланыссыз бақылау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

4) тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті критерийлері (бұдан әрі - субъективтік критерийлер) - нақты тексерілетін субъектінің (объектінің) қызмет нәтижелеріне байланысты тексерілетін субъектілерді (объектілерді) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекелдер дәрежесін бағалау критерийлері;

5) тексеру парагы – бақылау және қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) қызметіне қойылатын, олардың сақталмауы адамның өмірі мен денсаулығына, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мұдделеріне қатер төндіруге алып келетін талаптар тізбесі;

6) бақылау субъекті (объекті) – "Нотариат туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес нотариаттық қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалар және аумақтық нотариаттық палаталар;

7) өрескел бұзушылықтар – еңбек заңнамасын бұзы осы Өлшемшарттың қосымшасына сәйкес тәуекел дәрежесін бағалаудың субъектілік өлшемшарттарында көрсетілген;

8) елеулі бұзушылықтар – осы өрескел және болмашы бұзушылықтарға жатпайтын еңбек заңнамасының, оның ішінде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша бұзушылықтары;

9) болмашы бұзушылықтар – еңбек заңнамасының еңбек қатынастарына, кепілдіктер мен өтемақы төлемдерін жүзеге асыруға қатысты жұмыс беруші қабылдаған актілердің заңдылығы бөлігіндегі бұзушылықтары, сондай-ақ халықты жұмыспен қамту және шетелдік жұмыс күшін тарту туралы заңнамаларды бұзу.

2-тарау. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізуге арналған тәсілдер

3. Бақылау және қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) талаптарға сәйкестігіне тексеру және профилактикалық бақылау жүргізу үшін тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары объективті және субъективті өлшемшарттарды айқындау арқылы қалыптастырылады.

1-параграф. Объективті өлшемшарттар

4. Объективті өлшемшарттарды бақылау субъекті (объекті) жоғары тәуекел дәрежесіне жекеше нотариустар және аумақтық нотариаттық палаталар жатады.

Жоғары дәрежелі тәуекелге жатқызылған бақылау субъектіге (объектіге) қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау өткізу қолданылады.

5. Жоғары дәрежелі тәуекелге бақылау субъектісін (объектісін) жатқызу жеке және заңды тұлғалардың заңды мұдделеріне, мемлекеттің мұдделеріне жасалған нотариаттық іс-әрекеттер құпиялығын сақтауды қамтамасыз етуге байланысты, дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнаманы сақтау саласында азаматтардың құқығын қорғау, нотариаттық іс-әрекеттердің құпиялығын заңсыз таратуға жол беруі мүмкін, мемлекет кепілдік берген жеке және заңды тұлғалардың бостандықтары мен құқықтары бұзылуына қолайсыз жағдайлардың туындау ықтималдығын ескере отырып жүзеге асырылады.

6. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау өткізу жарты жылдық тізімдері негізінде жүргізіледі.

2-параграф. Субъективті өлшемшарттар

7. Субъективті өлшемшарттарды айқындау мынадай:

- 1) деректер базасын қалыптастыру және ақпарат жинау;
- 2) ақпаратты талдау және тәуекелдерді бағалау кезеңдерін қолдана отырып жүзеге асырылады.

8. Деректер базасын қалыптастыру және ақпарат жинау Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзатын бақылау және қадағалау субъектілерін (объектілерін) анықтау үшін қажет.

Тәуекел дәрежесін бағалау үшін мынадай ақпарат көздері пайдаланылады:

1) бақылау субъектісі ұсынатын есептілік пен мәліметтер мониторингінің нәтижелері;

2) бақылау субъектілеріне (объектілеріне) алдыңғы тексерулер мен бару арқылы профилактикалық бақылаудың нәтижелері;

3) бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай жүргізілген профилактикалық бақылау нәтижесі (бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық нәтижесі бойынша берілген қорытынды құжаттар (ұсыныстар));

4) расталған шағымдар мен өтініштердің болуы және саны;

5) мемлекеттік органдардың ресми интернет-ресурстарын, бұқаралық ақпарат құралдарын талдау;

6) мемлекеттік органдар мен ұйымдар ұсынатын мәліметтерді талдау нәтижелері.

9. Қолда бар ақпарат көздері негізінде субъективті өлшемшарттар бұзушылықтары үш дәрежеге бөлінеді: өрескел, елеулі және болмашы бұзушылықтар.

Субъективті өлшемшарттарды талдау және бағалау ең жоғары әлеуетті тәуекелі бар бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) қатысты бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) талаптарға сәйкестігіне тексеру жүргізуді және профилактикалық бақылауды шоғырландыруға мүмкіндік береді.

Бұл ретте талдау және бағалау кезінде нақты бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) қатысты бұрын ескерілген және пайдаланылған субъективті өлшемшарттардың деректері не Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап қою мерзімі өткен деректер қолданылмайды.

Алдыңғы жүргізілген бару арқылы профилактикалық бақылаудың және (немесе) талаптарға сәйкестігін тексерудің қорытындылары бойынша берілген бұзушылықтарды толық көлемде жойған бақылау және қадағалау субъектілеріне қатысты оларды мемлекеттік бақылаудың кезекті кезеңіне кестелер мен тізімдерді қалыптастыру кезінде енгізуге жол берілмейді.

10. ІІңтімал тәуекел мен проблеманың маңыздылығына, бұзушылықтың біржолғы немесе жүйелі сипатына, әрбір ақпарат көзі бойынша бұрын қабылданған шешімдерді талдауға байланысты реттеуші мемлекеттік органның тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарына сәйкес бұзушылық дәрежесіне – өрескел, елеулі және болмашы дәрежелерге сәйкес келетін субъективті өлшемшарттар айқындалады.

Бақылау субъектісіне қатысты тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары осы Өлшемшарттың қосымшасында жазылған.

11. Қолданылатын ақпарат көздерінің басымдығын негізге ала отырып, субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткішін есептеу тәртібіне

сәйкес субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші 0-ден 100-ге дейінгі шәкіл бойынша есептеледі.

Тәуекел дәрежесінің көрсеткіштері бойынша субъекті (объектісі) мыналарға тәуекел дәрежесі 71-ден бастап 100-ді қоса алғанда дейінгі көрсеткіш кезінде және өзіне қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізілгенде жоғары тәуекел дәрежесіне.

12. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізуінді мерзімділігі субъективті өлшемшарттар бойынша алынатын мәліметтерге жүргізілетін талдау мен бағалаудың нәтижелері бойынша айқындалады және жылына екі реттен артық емес.

13. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудың жартыжылдық тізімдері субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің барынша жоғары көрсеткіші бар бақылау субъектісінің басымдығы ескеріле отырып жасалады.

3-тaraу. Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткішін есептеу тәртібі

14. Бақылау субъектісін тәуекел дәрежесіне жатқызу үшін тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеудің мынадай тәртібі қолданылады.

Бір өрескел бұзушылық анықталған жағдайда бақылау субъектісіне тәуекел дәрежесінің 100 көрсеткіші теңестіріледі және оған қатысты ерекше тәртіп бойынша бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізіледі.

Егер өрескел бұзушылық анықталмаса, онда тәуекел дәрежесінің көрсеткішін анықтау үшін елеулі және болмашы дәрежедегі бұзушылықтар бойынша жиынтық көрсеткіш есептеледі.

Елеулі бұзушылықтар көрсеткішін айқындау кезінде 0,7 коэффициенті қолданылады және бұл көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

$$SP3 = (SP2 \times 100/SP1) \times 0,7,$$

мұнда:

SP3 – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP1 – елеулі бұзушылықтардың талап етілетін саны;

SP2 – анықталған елеулі бұзушылықтардың саны;

Болмашы бұзушылықтардың көрсеткішін айқындау кезінде 0,3 коэффициенті қолданылады және бұл көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

$$SPH = (SP2 \times 100/SP1) \times 0,3,$$

мұнда:

SPH – болмашы бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP1 – болмашы бұзушылықтардың талап етілетін саны;

SP2 – анықталған болмашы бұзушылықтардың саны;

Тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші (SP) 0-ден 100-ге дейінгі шәкіл бойынша есептеледі және мына формула бойынша елеулі және болмашы бұзушылықтардың көрсеткіштерін қосу арқылы айқындалады:

$$SP = SP3 + SPH,$$

мұнда:

SP – тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші;

SP3 – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

SPH – болмашы бұзушылықтардың көрсеткіші.

4-тaraу. Тексеру параптартары

15. Тексеру параптартары бақылау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті топтары үшін жасалады және Кодекстің 132-бабының 2-тармағына сәйкес және Кодекстің 143-бабының 2-тармағында анықталған шарттарды сақтай отырып талаптарды қамтиды.

Қосымша
бағалау критерийлеріне
саладағы тәуекел дәрежелері
нотариаттық қызмет

Бақылау субъектілері (объектілері) қызметінің тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті критерийлері

№	Критерийлер бұзушылық дәрежесі	Критерийлер бұзушылық дәрежесі
---	--------------------------------	--------------------------------

Бақылау субъектісі ұсынатын есептілік пен мәліметтер мониторингінің нәтижелері бойынша.

1-тaraу. Жекеше нотариусқа қатысты

1	Бақылау субъектісін бір жыл ішінде тәртіптік жауапкершілікке тарту фактісінің болуы	өрескел
2	Нотариаттық қызметпен айналысу күкірткышына лицензиялардың қолданылуын тоқтата тұру фактісінің болуы	өрескел
3	Бақылау субъектісін бір жыл ішінде әкімшілік жауапкершілікке тарту фактісінің болуы	өрескел
4	Кәсіпкерлік қызметпен айналысу	өрескел
5	Нотариаттық іс-әрекеттер жасау күпиясын сақтамау	өрескел

2-тaraу. Аумақтық нотариаттық палатага қатысты

6	Нотариаттық іс-әрекеттер жасау күпиясын сақтамау	өрескел
7	Нотариаттық палаталардың жартыжылдық және жыл қорытындылары бойынша өз қызметі туралы акпарат бермеуі	елеулі

Жоспардан тыс және бакылау субъектілеріне (объектілеріне) барумен алдыңғы профилактикалық бакылаудың нәтижелері

3-тарау. Жекеше нотариусқа қатысты

8	Жеке тұлғалар мен заңды тұлғалар екілдерінің кедегісіз кіруі үшін жарамды үй-жайдың болмауы	өрескел
9	Бакылау субъектісінің Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қымыл саласындағы уәкілетті органға қаржылық мониторингке жататын операциялар туралы мәліметтер мен ақпарат бермеуі	өрескел
10	Азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сактандыру шартының болмауы	өрескел
11	Бакылау субъектісінің аумақтық әділет органдына бір ай ішінде оның тегі, аты, әкесінің аты, сондай-ақ оның үй-жайының орналасқан жері өзгергені туралы мәліметтерді бермеуі	елеулі
12	Нотариаттық іс жүргізуіндегі тиісінше жүргізуеу: құжаттарды қабылдау, тіркеу және жөнелту; істер номенклатурасын жасау; істерді қалыптастыру; істер тізімдемесін ресімдеу және жасау; құжаттарды сактау; істерді мемлекеттік немесе жекеше нотариаттық мұрағатқа беру; мұрағаттық құжаттардың сакталуын қамтамасыз ету; істерді жою; нотариустың мөрлерін, мөртабандары мен бланкілерін пайдалану және сактау; мұрагерлік істерді қалыптастыру және ресімдеу; есиецтерді есепке алу; шетелде іс-эрекеттер жасауға арналған құжаттарды ресімдеу; нотариаттық іс-эрекеттерді тіркеу тізлімінің болуы және жүргізілуі, сондай-ақ нотариаттық іс-эрекеттерді бірыңғай нотариаттық ақпараттық жүйенің электрондық тізлімінде тіркеу	болмашы
	Нотариаттық іс-эрекеттерді тиісінше жасамау, атап айтқанда: мәміле куәлігі; шаруашылық серіктестіктердің құрылтай құжаттарын куәландыру; мұраны	

13	<p>сенімгерлік баскарушыны тағайындау; мұрагерлік құқығы туралы куәлік беру; ерлі-зайыптылардың және ортақ бірлескен меншік құқығында мүлкі бар өзге де адамдардың ортақ мүлкіндегі үлеске меншік құқығы туралы куәлік беру; құжаттар көшірмелерінің және олардан үзінді көшірмелердің дұрыстығын куәландау;</p> <p>құжаттардағы қолдың тұпнұсқалығын куәландау;</p> <p>құжаттарды бір тілден екінші тілге аударудың дұрыстығын куәландау; азаматтың тірі болу фактісін куәландау; азаматтың белгілі бір жерде болу фактісін куәландау; құжаттарды ұсыну уақытын куәландау; жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін басқа жеке және заңды тұлғаларға беру; депозитке ақша қабылдау; атқарушылық жазба жасау; дауды реттеу туралы келісімнің куәлігі; вексельдерге наразылық білдіру; құжаттар мен бағалы қағаздарды сақтауға қабылдау; теңіз наразылықтарын жасау; дәлелдеуді қамтамасыз ету</p>	өрескел
----	--	---------

4-тaraу. Аумақтық нотариаттық палатаға қатысты

14	<p>Жеке нотариаттық мұрагаттың, олардың нотариаттық құжаттарды жинақтау, сақтау және пайдалану жөніндегі функцияларын ұйымдастырудың болмауы.</p>	өрескел
15	<p>Жеке нотариустардың азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сактандыруды ұйымдастыруын қамтамасыз етпеуі және аумақтық әділет органдарын жеке нотариустардың өздерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сактандыру шартын жасасудан жалтару жағдайлары туралы хабардар етпеуі нотариустардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сактандыру шарттарын есепке алуды ұйымдастыру.</p>	елеулі

Расталған шағымдар мен өтініштердің болуы және Саны

16	Екі және одан да көп расталған шағымның немесе нотариустың әрекеттеріне өтініштің болуы	өрескел
Үәкілдегі органдар мен ұйымдар ұсынатын мәліметтерді талдау нәтижелері		
17	Бақылау субъектісіне қатысты заңды күшіне енген жеке қаулыларды немесе ұйғарымдарды соттардың шығару фактілерінің болуы	өрескел
18	Бақылау субъектісі күзінде мәмілені оның кінәсі көрсетілген жарамсыз деп тану туралы заңды күшіне енген шешімдерді соттың шығару фактілерінің болуы	өрескел
19	Нотариаттық әрекеттерге негізделген шағымдарға немесе оның кінәсі көрсетілген оларды жасаудан заңсыз бас тартуга сәйкес бақылау субъектісіне қатысты сот заңды күшіне енген шешімдерді шығару фактілерінің болуы	өрескел

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2022 жылғы 30 қарашадағы

№ 110 мен

Қазақстан Республикасы
Әділет министрі
2022 жылғы 30 қарашадағы
№ 982 Бірлескен бұйрығына
2-қосымша

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2018 жылғы 6 қарашадағы
№ 1529 және

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2018 жылғы қарашадағы
№ 60 бірлескен бұйрығына
4-қосымша

Тексеру паралы

Нотариаттық қызмет саласында

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 138 бабына сәйкес жекеше нотариус қатысты

бақылау субъектісі тобының біртекті атауы

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган

Тексеруді тағайындау/ бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау туралы акті

(№, күні)

Бақылау субъектісінің атауы _____

Бақылау субъектісінің (жеке сәйкестендіру нөмірі), бизнес сәйкестендіру нөмірі _____

Орналасқан мекен-жайы _____

№	Талаптар тізбесі	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1	2	3	4
1	Бақылау субъектісін бір жыл ішінде тәртіптік жауапкершілікке тарту фактісінің болуы		
2	Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензиялардың колданылуын тоқтата түрү фактісінің болуы		
3	Бақылау субъектісін бір жыл ішінде әкімшілік жауапкершілікке тарту фактісінің болуы		
4	Кәсіпкерлік қызметпен айналысу		
5	Нотариаттық іс-әрекеттер жасау құпиясын сактамау		
6	Жеке тұлғалар мен заңды тұлғалар өкілдерінің кедергісіз кіруі үшін жарамды үй-жайдың болмауы		
7	Бақылау субъектісінің Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуга) және терроризмді каржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы		

	уәкілетті органға қаржылық мониторингке жататын операциялар туралы мәліметтер мен акпарат бермеуі		
8	Азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру шартының болмауы		
9	Бақылау субъектісінің аумақтық әділет органына бір ай ішінде оның тегі, аты, әкесінің аты, сондай-ақ оның үй-жайының орналасқан жері өзгергені туралы мәліметтерді бермеуі		
10	Нотариаттық іс жүргізуі: құжаттарды қабылдау, тіркеу және жөнелту; істер номенклатурасын жасау; істерді қалыптастыру; істер тізімдемесін ресімдеу және жасау; құжаттарды сақтау; істерді мемлекеттік немесе жеке нотариаттық мұрағатқа бериу; мұрағаттық құжаттардың сакталуын қамтамасыз ету; істерді жою; нотариустың мөрлерін, мөртабандары мен бланкілерін пайдалану және сақтау; мұрагерлік істерді қалыптастыру және ресімдеу; өсietтерді есепке алу; шетелде іс-әрекеттер жасауга арналған құжаттарды ресімдеу; нотариаттық іс-әрекеттерді тіркеу тіzlіmіnің болуы және жүргізуі, сондай-ақ нотариаттық іс-әрекеттерді бірынғай нотариаттық акпараттық жүйенің электрондық tіzlіmіndе tіrkeу		
	Нотариаттық іс-әрекеттерді тиісінше		

жасамау, атап айтқанда:
 мәміле куәлігі;
 шаруашылық
 серіктестіктердің
 құрылтай құжаттарын
 куәландау; мұраны
 сенімгерлік
 басқарушыны
 тагайындау; мұрагерлік
 құқығы туралы куәлік
 б е р у ;
 ерлі-зайыптылардың
 және ортақ бірлескен
 меншік құқығында мүлкі
 бар өзге де адамдардың
 ортақ мүлкіндегі үлеске
 меншік құқығы туралы
 куәлік беру; құжаттар
 көшірмелерінің және
 олардан үзінді
 көшірмелердің
 дұрыстығын куәландау;
 құжаттардағы қолдың
 тұпнұсқалығын
 куәландау; құжаттарды
 бір тілден екінші тілге
 аударудың дұрыстығын
 куәландау; азаматтың
 тірі болу фактісін
 куәландау; азаматтың
 белгілі бір жерде болу
 фактісін куәландау;
 құжаттарды ұсыну
 уақытын куәландау;
 жеке және занды
 тұлғалардың өтініштерін
 басқа жеке және занды
 тұлғаларға беру;
 депозитке ақша қабылдау
 ; атқарушылық жазба
 жасау; дауды реттеу
 туралы келісімнің куәлігі
 ; вексельдерге наразылық
 білдіру; құжаттар мен
 бағалы қағаздарды
 сақтауға қабылдау; теңіз
 наразылықтарын жасау;
 дәлелдеуді қамтамасыз
 ету

Лауазымды адам (адамдар): _____
 (лауазымы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (егер болған жағдайда))

(лауазымы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (егер болған жағдайда)
Тексерілетін субъектінің басшысы:

(лауазымы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (егер болған жағдайда)

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрінің

2022 жылғы 30 қарашадағы

№ 110 мен

Қазақстан Республикасы

Әділет министрі

2022 жылғы 30 қарашадағы

№ 982 Бірлескен бүйрігіна

3-қосымша

Қазақстан Республикасы

Әділет министрінің

2018 жылғы 6 қарашадағы

№ 1529 және

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрінің

2018 жылғы қарашадағы

№ 60 бірлескен бүйрігіна

5-қосымша

Тексеру паралы

Нотариаттық қызмет саласында

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 138 бабына сәйкес аумақтық нотариаттық палата қатысты

Бақылау субъектісі (объектісі) тобының біртекті атауы

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган _____

Тексеруді тағайындау/ бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау туралы акті _____

(№, күні)

Бақылау субъектісінің (объектісінің) атауы _____

Бақылау субъектісінің (объектісінің) (жеке сәйкестендіру нөмірі), бизнес сәйкестендіру нөмірі

Орналасқан мекен-жайы _____

№	Талаптар тізбесі	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1	2	3	4
1	Нотариаттық іс-әрекеттер жасау құпиясын сақтамау		
2	Нотариаттық палаталардың жартыжылдық және жыл корытындылары бойынша өз қызметі туралы ақпарат бермеуі		
3	Жеке нотариаттық мұрағаттың, олардың нотариаттық құжаттарды жинақтау, сақтау және пайдалану жөніндегі функцияларын үйімдастырудың болмауы; сақтауга құжаттарды қабылдауды үйімдастыру;		
4	күндылыққа сараптама жүргізуі үйімдастыру құжаттарды ресімдеу және оның нәтижелерін ресімдеу.		
	Жеке нотариустардың азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыруды үйімдастыруын қамтамасыз етпеуі және аумақтық әділет органдарын жеке нотариустардың өздерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасудан жалтару жағдайлары туралы хабардар етпеуі нотариустардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарттарын есепке алуды үйімдастыру.		

Лауазымды адам (адамдар):

(лауазымы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (егер болған жағдайда)

(лауазымы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (егер болған жағдайда)

Тексерілетін субъектінің басшысы:

(лауазымы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (егер болған жағдайда)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК